

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

II КНИГА

Қостанай, 2022

УДК 37.02
ББК 74.00
II 23

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Доцанова Алма Иргибаявна, Председатель Правления - Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, кандидат экономических наук, профессор;
Исмұратова Галия Суиндиковна, и.о. проректора по научно-инновационному и международному развитию Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, доктор экономических наук, профессор;
Скударева Галина Николаевна, кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой педагогики и психологии ГОУ ВО Московской области «Государственный гуманитарно-технологический университет»; Почетный работник общего образования Российской Федерации, г. Орехово-Зуево, Россия;
Чекалева Надежда Викторовна, профессор, доктор педагогических наук, заведующая кафедрой педагогики Омского государственного педагогического университета, директор научного центра РАО, член - корреспондент РАО, г. Омск, Россия;
Бектурганова Римма Чингисовна, доктор педагогических наук, советник ректора по педагогическому направлению Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;
Ахметов Тлеген Альмуханович, и.о. директора педагогического института им. У.Султангазина Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынов, кандидат педагогических наук, профессор;
Демисенова Шнар Сапаровна, заведующий кафедрой педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор;
Утегенова Бибикуль Мазановна, кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;
Смаглий Татьяна Ивановна, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;
Жетписбаева Айсылу Айратовна, заведующая методическим кабинетом им. Ы.Алтынсарина кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

II23 «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі»: 2022 жылдың 11 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. – 365 б. = «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов»: Материалы международной научно-практической конференции, 11 февраля 2022 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022. – 365 с.

ISBN 978-601-356-122-6

Жинаққа «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланған мәселелердің әртүрлілігі мен кеңдігі мақалалар авторлары үздіксіз білім беру саласын педагогтарды жаңаша даярлау бағдарымен байланыстырып, әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімді тәжірибесін көрсету, білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігін негіздеу, инновациялық технологиялар мен білім алушылардың тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау туралы зерттеулерін еңгізді. Бұл жинақ материалдары ғалымдарға, ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагогтар мен психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей раскрыть сущность, тренды и тенденции непрерывности педагогического образования с учетом достижений науки и практики, показать эффективные практики реализации образовательных программ разного уровня, обосновать необходимость совершенствования профессионализма педагогов в условиях новых вызовов в образовательной практике, представить инновационные технологии и форматы психолого-педагогического сопровождения развития личности обучающихся.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

УДК 37.02
ББК 74.00

ISBN 978-601-356-122-6

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2022

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Шәріп Әйгерім Сәбитқызы,

химия пәні мұғалімі

«Половников жалпы білім беретін мектебі»

Половниковка а., Қостанай ауданы, Қазақстан

Жунусова Жұлдуз Сабитовна,

мектеп алды даярлық тәрбиешісі

«Половников жалпы білім беретін мектебі»

Половниковка а., Қостанай ауданы, Қазақстан

Жетписбаева Айсылу Айратовна,

әдістемелік кабинет меңгерушісі

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты: Инклюзивті білім берудің тиімді, ұтымды тұстарын анықтау, баланың дамуы үшін қандай әдіс-тәсілдер қолдану қажеттігін ашып көрсету. Зерттеу тақырыбы өзекті, себебі, біздің елімізде аталмыш білімді қажет ететін жасөспірімдер саны жетерлік. Және біздің мақсат сол жас жеткіншектердің дұрыс білім алуын қамтамасыз ету.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, ойын, ойын әдістері, сабақ, ойлау қабілеті

Аннотация

Актуальность и цель: Выявить наиболее эффективные аспекты инклюзивного образования, выявить, какие методы следует использовать для развития ребенка. Тема исследования актуальна, так как в нашей стране большое количество подростков, нуждающихся в этих знаниях. И наша цель – обеспечить, чтобы эти молодые люди получили правильное образование.

Ключевые слова: инклюзивное образование, игры, игровые методы, уроки, навыки мышления

Abstract

Relevance, Goal: To identify the most effective aspects of inclusive education, to reveal what methods should be used for the development of the child. The research topic is relevant, because our country has a large number of adolescents who need this knowledge. And our goal is to ensure that those young people get the right education.

Keywords: inclusive education, games, game methods, lessons, thinking skills

Біздің елімізде тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда басқа мемлекеттердегідей, психологиялық күйзелістің әсерінен, жүйке ауруларының көбеюінен, әр түрлі әлеуметтік, экономикалық факторлардың ықпалынан пайда болған ерекше қамқорлықты қажет ететін балалардың саны жылдан жылға өсуде. Яғни, ақыл-айы кешеуілдеген балалар.

Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген балалар дегеніміз – оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Сондай - ақ бұл балалардың эмоциональдық ерік - жігер саласының жетілмеуі органикалық инфантилизммен түсіндіріледі [2, 226]. Бүгінгі статистикалық мәліметтерге сүйенетін отырып, талдау жасайтын болсақ, психологиялық, физиологиялық, коррекциялық ауытқушылықтары бар балалардың саны 175 мыңға жетеді. Бұл мәселені қазіргі әлеуметтік социумдағы жағдаймен салыстыратын болсақ, осы категориядағы балалар үлкен дағдарысты бастарынан өткізуде, себебі олардың құндылық бағдары мен қоғамның арасындағы қарама-қайшылық анық көрінеді [3, 116].

Осы ретте, инклюзивті білім беру – гуманизмге, руханилылыққа, әлеуметтікке жетелейтін әрі солардан бастау алатын, өзіндік мол сала. Инклюзивті оқыту – оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ аталмыш оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді.

Арнайы статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстанда мүгедек, психикалық дамуы тежелген, сөйлеу қабілеті, тірек-қимыл аппараты бұзылған 150 мыңнан астам бала бар. Алайда, бұл сан салыстырмалы түрде ғана, себебі, кейде ата-аналар балаларының мүгедектігін ашып айтпай, оларды ресми түрде тіркеуге қойғысы келмейтіні жасырын емес. Десек те, мемлекет қоғамның мұндай мүшелерінің дұрыс білім алып, өз ортасына бейімделуіне мүдделі болуы қажет.

Қазақстан мемлекетінің ертеңгі болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан да, қазіргі кезде болып жатқан тарихи-әлеуметтік өзгерістер жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, тәрбиеленуіне жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді. Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Сондықтан, бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде [1, 1376].

Мемлекетіміздің заманауи білім беру жүйесі әлемдік білім беру саясатын басшылыққа алатынын баршамыз білеміз. Әлемдік қауымдастық білім беруде мынаны талап етеді:

- оқытуға қажеттілікті қанағаттандыру және барлық балалар үшін теңдік
- әрбір заманауи мектептің мақсаты – әрбір балаға (дамуында ақауы бар, орташа және дарынды) табысқа жетуге көмектесу, оның қоғам өмірінен шеттетілуіне жол бермеу.

Осы тұрғыда, инклюзивті білім беру – білім берудің жаңа перспективалы стратегиялық бағыты. Инклюзивті оқыту және тәрбиелеу бұл жалпы білім беру жүйесінің қызметін ұйымдастырудағы жүйелі тәсіл ретінде қарастырылатын ұзақ мерзімді стратегия. Инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін барлық балалардың, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне тәуелсіз білім алу сұраныстарын қанағаттандыруға икемді білім беру ортасын құру қажет. Әрбір баланы, әсіресе дамуында кемістігі бар баланы әлеуметтік өзара іс-қимыл процесіне қосу, әлеуметтік қатынастардың белсенді субъектілері ретінде балалардың дамуына ықпал ету маңызды болып отыр. Ал енді ақыл-ой дамуы кешеуілдеген баланың есте сақтау зейінін қалыптастыру үшін не істеу қажет?

Бұл сұраққа төмендегідей жауап беруге болады:

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде де қолдануға болады. Ақыл-ойы кем бала балалардың ойлау қабілетін дамыту, түзету жұмысының басты бағыттарының бірі және танымдық қабілеттерін жетілдіруде, оларды әлеуметтендірудегі басты фактор болып есептеледі. Ойлау қабілетін дамытуда түрлі дидактикалық, қозғалмалы, сюжетті-рөлдік ойындар, сюжетті сурет бойынша әңгіме желісін құрау, құрастыру ойындары және тағы басқа жұмыстардың маңызы зор. Ойын үстінде баланың сана-сезімі, психикалық процестері қалыптасып, сөйлеу тілі дамиды. Түзету сабақтарында мынадай ойындарды қолдануға болады: «Кілтті ал», «Пойыз» ойыны, «Ұқсас, ұқсас емес», «Қайсысы немен қоректенеді?», «Қате суреттер». Бұл ойындар арқылы «ерекше» балалардың ынтасы, қызығушылығы артады, ойлау, есте сақтау қабілеттері дами түседі. Ойынның нәтижесінде, баланың бойында: ойлау, ұйымдастырушылық қасиет, тапқырлық, белсенділік, шыдамдылық қалыптасады. Бүгінгі күн талабы – тек қалыпты балалар емес, сондай-ақ психикалық дамуы тежелген баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды, осы сезім оны талпыныстарға жетелейді [4, 223б].

Инклюзивті білім беруде мектепке дейінгі балаларды оқыту мен дамытуда терең және кешенді ауытқуы бар балалар үшін өзара іс-қимылды қабілетті қамтамасыз ету мен қоршаған ортамен қатынас, бірегейлі құралдар болып табылады. Сонымен қатар мынадай міндеттерді шешеді:

- Оқу үрдісіндегі кейінгі байланысты қамтамасыз ету;
- Оқу үрдісін көрнекіліктермен қамтамасыз ету;
- Кең таралағын білім көздерінен ақпаратты іздестіру;
- Оқу үрдістерін немесе құбылыстарын құру;
- Ұжымдық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру.

Сонымен қатар, жаңа ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивті тақта білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін аса маңызды құрал. Қазіргі уақытта білім беруде интерактивті құралдарды кеңінен қолданылып жүргені баршамызға аян. Сонымен қатар, интерактивті құралдардың көмегімен мұғаліммен баланың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.

Тек интерактивті құрал қолданумен шектелмей, электрондық оқулықтарды қолданған да жөн. Себебі аталмыш оқулықтарды ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдалану кезінде балалар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдап көрсетуге болады. Сондықтан да инклюзивті білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мүмкіндігі шектеулі балалардың жас ерекшелігіне сай дайындап, пайдаланып, пәндер бойынша бағдарламаларын құрастырып, түзете – дамыту жұмыстарын жүргізсе, мүмкіндігі шектеулі жандардың заман талабына сай тұлға қалыптастыруға септігі зор екендігі белгілі. Инклюзивті оқытуда мұғалім жаңа технологияларды игеріп,

оқушы танымы мен қызығушылығын арттыруда ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі зор [1, 88б].

Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады [2, 98б].

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2010 ж.
2. Ә.Ермағамбет. // «Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы». // Дефектология, 2008, №4.
3. Қазақстандағы инклюзивті білім // egov.kz мемлекеттік порталы.
4. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы//«Открытая школа» журналы. № 7(128) 09. 20

УДК 711.7

НОВЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПРАКТИКИ В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБРАЗОВАНИИ

**Шинкина Наталья Васильевна,
Петерс Найля Мустафиевна,**

учителя начальных классов
КГУ «Аманкарагайская общеобразовательная школа
им. Н.Островского отдела образования Аулиекольского района»
Управления образования акимата Костанайской области,
г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты: әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету үшін жұмыс практикасында жеке тәсілдемені қолдану қажет.

Түйінді сөздер: инклюзия, жеке тұлға табыстылығы, бағалау, нәтиже

Аннотация

Актуальность и цель: для обеспечения равных условий обучения, обучающихся с различными образовательными потребностями необходимо использовать в практике работы индивидуальный подход.

Ключевые слова: инклюзия, индивидуальность, оценивание, результат.

Abstract

Relevance and goal: to ensure equal learning conditions for training students with different educational needs, it is necessary to use an individual approach in work practice.

Key words: inclusion, individual success, assessment, result.

В настоящее время, инклюзивное образование зависит от уровня развития государства, от того, как оно поможет детям с ограниченными возможностями адаптироваться, раскрыть себя в современном обществе и чувствовать себя как все обычные люди без ограничения во всем.

Инклюзивным или включающим образованием, сегодня называют совместное обучение детей с ограниченными возможностями здоровья с нормально развивающимися сверстниками. В такой практике, дети с особыми образовательными потребностями, смогут расти и развиваться совместно с другими ребятами, учиться в обычных учебных заведениях, а также заводить в них друзей. Иначе говоря, жить так, как живут все остальные дети.

В нашей школе 10% обучающихся составляют дети с особыми образовательными потребностями, с различными диагнозами. Практически в каждом общеобразовательном классе есть по 2-3 обучающихся с ООП. В связи с этим, с 2019 года в школе реализуется проект «Инклюзия – школа для всех».

Основными принципами организации образовательного процесса для детей данной категории является обеспечение щадящего режима проведения занятий и создание позитивного микроклимата при обучении. Большое значение имеют подходы к организации учебного процесса, а именно: